



2019 жылғы 4 маусым
№ 17-8/786 зп

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__ года
№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі

2019 жылғы 2 сәуірдегі
№ 10-5-380 хатқа

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бұдан әрі – Заң жобасы) бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлайды.

Депутаттар «сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» ұғымын енгізуге, көпбалалы отбасыларды, оның ішінде «Алтын алқамен» наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған көпбалалы аналарды мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға үміткер азаматтардың жекелеген санаты ретінде шығаруға және оларға бірінші кезекті тұрғын үй алу құқығын беруге, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беру үшін есепке қойған кезде тұрғын үйді айырбастау, иеліктен шығару, бүліну, шығу және қоныстану бойынша шектеу мерзімін өзгертуге, көпбалалы отбасыларға, оның ішінде «Алтын алқамен» наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған көпбалалы аналарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беру көлемін анықтауға, "жұмыс істейтін жастар" ұғымын енгізуге, мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі уәкілетті органға жұмыс істейтін жастарды (жас мамандарды) қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретін беруге қатысты түзетулерді ұсынады.



Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіптен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0012433*

Депутаттардың Заң жобасына түзетулерінің негізгі мақсаты - «Нұр Отан» XVIII съезінде берілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының тапсырмаларын іске асыру, сондай-ақ Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімі аясында көпбалалы отбасылар мен жұмыс істейтін жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету шараларын қабылдау болып табылады.

Депутаттар ұсынған заң жобасына түзетулер Қазақстан Республикасы Конституциясының және қолданыстағы заңнамалық актілердің нормаларына қайшы келмейді, сондай-ақ реттегіш құралды енгізу және онымен байланысты талаптарды немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін нормаларды қабылдауды болжамайды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары 14 түзетуді бастамашылық етті.

Салыстырмалы кестенің 14-позициясы бойынша

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекске кондоминиум объектісінің басқару органының, тұрғын үйді басқарушының, басқарушы компаниясының ай сайынғы және жылдық есеп беруі бойынша түзету қолдау табады.

Салыстырмалы кестенің 13-позициясы бойынша

Депутаттардың индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органға құзыреттіліктер бөлу бөлігіндегі түзетулері ішінара қолдау табады.

Біліктілік талаптары лицензияланатын қызмет түріне қолданылатынын, түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, дайындау, сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың сатып алынған және сатылатын қара және түсті металдардың қалдықтары мен сынықтары туралы есеп беретінін ескере отырып, индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органның жаңа құзыреті мынадай редакцияда жазылсын:

«17-2-бап. Индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органның құзыреті

«Индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті орган:

Түсті және қара металдардың сынықтары және қалдықтарын жинау, дайындау, сақтау, өңдеу және сатуды реттеуді мынадай:

1) Хабарлама тәртібінде түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды белгілеу;

2) сатып алынған және сатылатын қара және түсті металдардың сынықтар мен қалдықтары туралы түсті және қара металдар мен қалдықтарды сатып алынған және сатылатын түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, дайындау, сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың

есептілік нысанын және тәртібін айқындау жолымен жүзеге асырады.

Бұл ретте, индустрияның басқару жүйесі, сондай-ақ саланы дамыту стратегиясының анықтамасы талаптарға, нысанға және есептілік рәсімдеріне сәйкес анықталатындықтан, Экологиялық кодекстің 17-2-бабының 3 және 4-тармақтарында ұсынылған түзетулерге **қолдау таппайды.**

Салыстырмалы кестенің 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-позициялары бойынша

Депутаттар көпбалалы отбасыларға және көпбалалы аналарға, сондай-ақ жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз тұрғын үй беруге қатысты нормаларды ұсынып отыр.

Жоғарыда көрсетілген позициялар бойынша түзетулер Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары бастамашылық еткен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасымен ескерілді және оған 2019 жылғы 6 мамырда Мемлекет басшысы қол қойды.

Осыған байланысты аталған позицияларды алып тастауды ұсынамыз.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысын ескере отырып, заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінде одан әрі қарауды жалғастыру мүмкін деп пайымдаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**



А. Мамин



201_ ЖЫЛҒЫ _____

Астана, Үкімет Үйі

от « 4 » июня 201_9 года

№ _____

№ 17-8/786 зп

Мажиліс Парламента
Республики Казахстан

На № 10-5-380
от 2 апреля 2019 года

ЗАКЛЮЧЕНИЕ
Правительства Республики Казахстан
на поправки депутатов Мажиліс Парламента Республики Казахстан
по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и
дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по
вопросам жилищно-коммунального хозяйства»

Правительство Республики Казахстан, рассмотрев поправки депутатов Мажиліс Парламента Республики Казахстан по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам жилищно-коммунального хозяйства» (далее – Законопроект), сообщает следующее.

Депутатами предлагаются поправки касательно введения понятия «арендное жилье без права выкупа», выведения многодетных семей, в том числе многодетных матерей, награжденных подвеской «Алтын алқа» или получивших ранее звание «Мать-героиня» как отдельную категорию граждан, претендующих на получение жилья из государственного жилищного фонда и предоставления им первоочередного права на получения жилья, предоставления арендного жилья без права выкупа в соответствии с документами Системы государственного планирования Республики Казахстан гражданам Республики Казахстан, изменению срока ограничения граждан Республики Казахстан по обмену, отчуждению, порчи, выезду и вселению в жилище, при постановке на учет для предоставления жилья, определению объема предоставляемого многодетным семьям, в том числе многодетным матерям, награжденным подвеской «Алтын алқа» или получившим ранее звание «Мать-героиня», арендного жилья без права выкупа в соответствии с документами Системы государственного планирования Республики Казахстан, введения понятия «работающая молодежь», наделения компетенцией уполномоченного органа по государственной молодежной политике по



Бланк сериялык нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСІПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0012432*

разработке и утверждению правил обеспечения работающей молодежи (молодых специалистов) доступным жильем и так далее.

Основной целью поправок депутатов к Законопроекту является реализация поручений Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, данными на XVIII съезде партии «Нұр Отан», а также в рамках проведения торжественной церемонии открытия Года молодежи по принятию мер обеспечения жильем многодетных семей и работающей молодежи.

Предлагаемые депутатами поправки к законопроекту не противоречат нормам Конституции Республики Казахстан и действующим законодательным актам, а также не предполагают принятия норм, предусматривающих введение регуляторного инструмента и связанных с ним требований или осуществление ужесточения регулирования в отношении субъектов частного предпринимательства.

Депутатами Мажилиса Парламента Республики Казахстан инициированы 14 поправок.

По позиции 14

Поправка в Кодекс «Об административных правонарушениях» касательно предоставления органом управления объектом кондоминиума, управляющим жилым домом, управляющей компанией ежемесячного и годового отчетов **поддерживается.**

По позиции 13 сравнительной таблицы

Поправки депутатов в части наделения компетенцией уполномоченного органа в сфере индустрии и индустриально-инновационного развития **поддерживаются частично.**

Учитывая, что квалификационные требования применимы к лицензируемому виду деятельности и то, что юридические лица, осуществляющие деятельность по сбору, заготовке, хранению, переработке и реализации лома и отходов цветных и черных металлов, будут предоставлять отчет о закупленном и реализованном ломе и отходов цветных и черных металлов, предлагаемую новую компетенцию уполномоченного органа в сферах индустрии и индустриально-инновационного развития изложить в следующей редакции:

«Статья 17-2. Компетенция уполномоченного органа в сферах индустрии и индустриально-инновационного развития

«Уполномоченный орган в сферах индустрии и индустриально-инновационного развития:

Осуществляет регулирование деятельности по сбору, заготовке, хранению, переработке и реализации лома и отходов цветных и черных металлов путем:

1) Установления:

Требований к юридическим лицам, осуществляющим деятельность по сбору, заготовке, хранению, переработке и реализации лома и отходов

цветных и черных металлов в уведомительном порядке;

2) *Определения формы и порядка отчетности юридических лиц, осуществляющих деятельность по сбору, заготовке, хранению, переработке и реализации лома и отходов цветных и черных металлов, о закупленном и реализованном ломе и отходов цветных и черных металлов.»*

При этом, учитывая, что система контроля отрасли, а также определение стратегии развития отрасли планируется определить требованиями, формой и порядком отчетности, в связи с чем предлагаемые поправки в подпунктах 3 и 4 в дополняемой статьи 17-2 Экологического кодекса **не поддерживаются**.

По позициям 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 и 12 сравнительной таблицы Депутатами предлагаются нормы касательно предоставления многодетным семьям и многодетным матерям, а также работающей молодежи арендного жилья без права выкупа.

Поправки по вышеуказанным позициям были учтены в проекте Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам жилищных отношений», который был инициирован депутатами Парламента Республики Казахстан и 6 мая 2019 года подписан Главой Государства.

В этой связи, предлагаем данные позиции исключить.

На основании изложенного, полагаем возможным дальнейшее рассмотрение законопроекта в Мажилисе Парламента Республики Казахстан с учетом настоящего заключения Правительства Республики Казахстан.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**



А. Мамин